

### «Қазақстанның ірі қайраткерлері» циклынан:

#### -Әбілқайыр ханның туғанына 320 жыл

«Әбілқайыр хан – кіші жүз ханы» атты осы тақырыпта ОҚО қозғалыстары қорғайтын және әлсіз қорғайтын азаматтарға арналған арнайы кітапханасында оқырмандарға арналған ақпараттық іс-шара өтті.

Әбілқайыр хан қазақ халқының тарихында өзі бар тұлға екендігін, 1710-1748 жылдары кіші жүздің ханы болғанын, оның ұмыр кешкен кезеңіндегі қазақ халқының бірлігі әлсіреп, үш жүздің және рулардың да хан сұлтандары өз беттерінше болмақ пейілге бойынған тұсына жүргізуші О.Н. Русинова кезінен тоқталып кетті.

Сондай-ақ, Еділ қалмақтары мен жонғарлар басып кіріп, елді Ақтабан шүбырындыға ұшыратқанын, Ресей мен Қытайдың пейілдерінің он болмағанын, дәл осы жағдайда орталықтандырылған біртұтас билік, берік бірлік, қатан тәртіп қажет болғанын ең бастысы қабілетті, табанды ел басшысы керек болып, бақталастық пен тақталастық, алауыздық оң билікті мықтыға емес әлсізге жығып бергенін, 1715 жылы өз Тәуке дүниесін салғаннан кейін, Әбілқайыр да үлкен хандыққа – қазақ хандығына үміткер болғанымен, мұрагер ретінде Тәуке ханның ұлы Болат хандыққа сайланғанынан мәліметтер берілді.

Әбілқайыр ханның соғыста әдіс-айла, тапқырлық таныта білгендігінің арқасында кіші жүз хандығына да, қазақ жасағының қолбасшылығына да жеткені, әсіресе, 1726-1730 жылдар аралығында жонғарларға қарсы соғысында айрықша көзге түскендігін атап айтты. Әбілқайыр ханның өмірі тастықта өткенін және бұл жайында әр түрлі қайшылықты пікірлер айтылуда екенін, замандастарының кейін де «орысқа қарады» деп қиналаушылық танытқаны жайында баяндалған тұста оқырман Қызғанов К. мырза өзінің Әбілқайыр хан жайында дыбысталған кітаптан алған мағлұматтарынан біраз мысалдар келтіріп, ол жайында әдебиеттердегі деректердің әр түрлі екендігін айтты.

Алайда, мойындауымыз керек, қалай десек те қазақтың IV-VII-XX ғасырлардағы түлгалардан ұлттығын сақтап, тілін, ділін, салт-санасын мүлде жойып алмай, негізінің аман шығып, іргелі мемлекет болып отыруында ол тандаудың «алыс та болса жақын жол» болғанын көреміз.

1748 жылы Әбілқайыр хан өштесіп, кектескен Барак сұлтанның жасаған жасақты шабуылында мерт болғанын, бейіті қазіргі Қостанай облысында Хан моласы деп аталып кеткен жерде екенін айтып жүргізуші іс-шараны аяқтады. Оқырмандар тарихтан пайдалы мағлұматтар алып, жақсы көңіл-күйде тарқасты.



## Әбілқайыр хан

Авторлар: spеsbib

09.09.2013 16:00 - Жанартылған 17.09.2013 13:48

---

